Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға әлеуетті жеткізушілерді алдын-ала рұқсат беру
хаттамасы
№25

Конкурсты ұйымдастырушы: Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасы "Орал қаласының білім беру бөлімі", Орал қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 23 тел. 51-35-09,

Орал қаласы 21.09.2026ж.

Конкурстық комиссия құрамы:

Төрайымы: А.З.Кайржанова - бөлім басшысы

Мүшелері: А.К.Абулкаирова – БҚО кәсіпкерлер палатасының Адами капиталды дамыту бөлімінің басшысы

Т.Т.Темешев-«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының БҚО ұйымы» қоғамдық бірлестігі Орал қалалық комитеті Филиалының төрағасы

А.Ә.Жолдығали – Орал қалалық Мәслихатының депутаты

Ж.М.Бекжанова–БҚО Білім басқармасының мектепке дейінгі және жалпы орта білімді дамыту бөлімінің басшысы

Хатшы Исмағұл Ә.М. – бөлімнің экономисті

Күн тәртібі:

1.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 372 «Көрсетілетін білім беру қызметін алушылар бойынша дербестендірілген қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі пилоттық жобаның кейбір мәселелері туралы» бұйрығына сәйкес жаңадан 2026 жылға мемлекеттік білім беру тапсырысын алуға өтініш берген жеке мектепке дейінгі ұйымға Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға Мектепке дейінгі ұйымдардың Тізбесін қалыптастыру.

Комиссия төрайымы А.З.Кайржанова комиссия мүшелерін 2026 жылға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін мектепке дейінгі ұйымдардың Тізбесін қалыптастыру бойынша конкурс шартымен таныстырып өтті. Конкурс Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30

желтоқсандағы № 372 бұйрығына сәйкес 2026 жылға мемлекеттік білім беру тапсырысын алуға өтініш берген жеке мектепке дейінгі ұйымдарға Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға Мектепке дейінгі ұйымдардың 2026 жылға Тізбесін қалыптастыру үшін ағымдағы жылдың 18 қыркүйек күні құжаттар balabaqsha.snation.kz сайты арқылы қабылданды. А.З.Кайржанова комиссия отырысында жеке мектепке дейінгі ұйымдардың құжаттары қаралатыны туралы мәлімдеді. Сонымен қатар комиссия мүшелерін таныстырып өтті. Комиссия мүшелері жеке мектепке дейінгі ұйымдардың құжаттарын электронды түрде тексерді, құжаттарды барлық комиссия мүшелері қарап шықты.

Мектепке дейінгі ұйымдар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын алуға конкурстық рәсімге қатысу үшін мынадай құжаттарды ұсынды:

1) Алгоритмге 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
2) бейнебақылау камераларының, дабыл түймесінің және дауыстық хабарландырудың болуы туралы басшының қолымен және мөрімен куәландырылған ақпаратты;
3) Санитариялық қағидаларға сәйкес тәрбиеленушілерді медициналық қамтамасыз етуді жүзеге асыруға арналған аумақтық алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету ұйымымен шарт (сыйымдылығы үш топқа дейін);
4) педагогтік немесе бейіндік білімі бар педагогтердің белгіленген үлгідегі білім туралы штат кестесінің және құжаттарының көшірмелері;
5) ғимаратты/үй-жайларды жалдау шартының көшірмесі (бар болса).

30. Алгоритмнің 29-тармағында көрсетілген құжаттар 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ұсынылғаннан кейін:
1) мемлекеттік электрондық ақпараттық жүйелер арқылы ақпараттандыру объектісі ("электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz, www.elicense.kz) бар-жоғын және шындығын тексеруді алады және жүзеге асырады:
"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметтің басталуы немесе тоқтатылуы туралы хабарламалар;
сыйымдылығы 3 (үш) және одан да көп топқа арналған медициналық қызметке арналған лицензиялар;
2) білім беруді басқару органы қабылдайды және бар-жоғын, жарамдылығын тексеруді жүзеге асырады:
Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтамалар, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтамалар;
"Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының объектілеріндегі эпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық

қорытынды беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2022 жылғы 21 маусымдағы № 29/қе (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28566 болып тіркелген) бұйрығына (бұдан әрі - № 29/қе бұйрық) сәйкес МДҰ-ның санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігін;

қызметтерді көрсетушілердің тізбесіне енгізу үшін құжаттарды тапсырғанға дейін бір айдан аспайтын мерзімде мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін есеп бойынша берешектің болмауы (болуы) туралы мәліметтер.

Осы отырыста төмендегі жеке мектепке дейінгі ұйымның құжаттары қаралды:

1. «Doshan» ЖШС, «Жасмин» бөбекжайы – 25 орын.

Төрайымы: А.З.Кайржанова

Мүшелері: А.К.Абулкаирова

Т.Т.Темешев

А.Ә.Жолдығали

Ж.М.Бекжанова

Хатшы Ә.М. Исмағұл